| «Qazcontent» АҚ<br>Директорлар кеңесінің<br>2024 жылғы «21» маусымда<br>№ 2 шешімімен<br>бекітілді | Утверждено<br>решением<br>Совета директоров<br>АО «Qazcontent»<br>от «21» июня 2024 г. №2 |
|---|---|
| **«Qazcontent» акционерлік қоғамының<br>тұрақты даму<br>САЯСАТЫ** | **ПОЛИТИКА<br>устойчивого развития<br>акционерного общества «Qazcontent»** |
| 2024 жылғы 21 маусымнан бастап енгізіледі | Вводится с 21 июня 2024 года |
| Астана қаласы | город Астана |

**Мазмұны**

**1-тарау. Жалпы ережелер 3**

1. Қолдану аясы 3
2. Терминдер мен анықтамалар 4
3. Қоғамның тұрақты даму саласындағы қоғамның мақсаттары мен міндеттері 5
4. Тұрақты даму принциптері 5
5. Мүдделі тараптармен өзара іс қимыл 6

**2-тарау. Қоғамның тұрақты даму саласындағы қызметінің бағыттары 10**

1. Тұрақты дамудың экономикалық, экологиялық және әлеуметтік құрамдас бөліктері 10
2. Өзінің экологиялық әсерін басқару 11
3. Жауапты еңбек практикасы 12
4. Жауапты іскерлік тәжірибе 13

**3-тарау. Осы саясатты іске асыру механизмдері 14**

1. Жауапкершілікті бөлу 14
2. Тұрақты даму қағидаттарын негізгі процестерге біріктіру 16
3. Шешім қабылдау процестері 16
4. Корпоративтік басқару 16
5. Операциялық қызмет 17
6. Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау 17
7. Тұрақты даму саласындағы ақпаратты ашу 18
8. Қорытынды ережелер 18

**Содержание**

**Глава 1. Общие положения 3**

1. Сфера применения 3
2. Термины и определения 4
3. Цели и задачи Общества в области устойчивого развития 5
4. Принципы устойчивого развития 5
5. Взаимодействие с заинтересованными сторонами 6

**Глава 2. Направления деятельности Общества в области устойчивого развития 10**

1. Экономическая, экологическая и социальная составляющие устойчивого развития 10
2. Управление собственным экологическим воздействием 11
3. Ответственная трудовая практика 12
4. Ответственная деловая практика 13

**Глава 3. Механизмы реализации настоящей Политики 14**

1. Распределение ответственности 14
2. Интеграция принципов устойчивого развития в ключевые процессы 16
3. Процессы принятия решений 16
4. Корпоративное управление 16
5. Операционная деятельность 17
6. Управление рисками и внутренний контроль 17
7. Раскрытие информации в области устойчивого развития 18
8. Заключительные положения 18

| 1-тарау. Жалпы ережелер | Глава 1. Общие положения |
|---|---|
| **1. Қолдану аясы** | **1. Сфера применения** |
| 1. «Qazcontent» акционерлік қоғамының тұрақты даму саласындағы осы саясаты (бұдан әрі - Саясат) Қазақстан Республикасының заңнамасына, «Qazcontent»акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Қоғам) Жарғысына, Қоғамның корпоративтік басқару кодексіне және Қоғамның қызметін реттейтін өзге де ішкі құжаттарға сәйкес, сондай-ақ БҰҰ-ның жаһандық келісімі және халықаралық сипаттағы басқа да құжаттардың талаптарын ескере отырып әзірленді.<br>2. Осы Саясаттың мақсаты - Қоғам тұрақты даму саласындағы басқару жүйесін құруда ұстануға тиіс негізгі нормаларды, қағидаттарды, ережелер мен тәсілдерді айқындау.<br><br>3. Осы Саясаттың міндеттері:<br>1) Қоғам қызметінің тұрақты даму саласындағы, оның ішінде мүдделі тараптармен өзара іс-қимылдың тиімді және ашық жүйесін құру бөлігіндегі қағидаттары мен бағыттарын айқындау;<br><br>2) тұрақты даму қағидаттарын іске асыру үшін Қоғамның әрбір органының және барлық қызметкерлерінің рөлін, құзыретін, жауапкершілігін бекіту;<br>3) Қоғамның тұрақты дамуы мен негізгі процестерінің өзара байланысын айқындау.<br>4. Осы Саясаттың ережелерін Қоғамның барлық қызметкерлері мүдделі тараптармен өзара іс-қимылды қозғайтын бөлігінде, өз қызметін жоспарлау және жүзеге асыру, ішкі нормативтік құжаттарды әзірлеу, ақпаратты және коммуникацияның басқа да түрлерін тарату кезінде сақтауға тиіс.<br><br>5. Қоғам әрі қарай Қоғамның Директорлар кеңесінің бекітуіне шығара отырып, тұрақты даму саласындағы ішкі нормативтік құжатты әзірлеуді қамтамасыз етеді, сондай-ақ оның | 1. Настоящая Политика акционерного общества «Qazcontent» в области устойчивого развития (далее - Политика) разработана в соответствии с законодательством Республики Казахстан, Уставом акционерного общества «Qazcontent» (далее - Общество), Кодексом корпоративного управления Общества и иными внутренними документами, регулирующими деятельность Общества, а также с учетом требований Глобального договора ООН и других документов международного характера.<br>2. Цель настоящей Политики - определить основополагающие нормы, принципы, правила и подходы, которых должно придерживаться Общество в построении системы управления в области устойчивого развития.<br>3. Задачи настоящей Политики:<br>1) определить принципы и направления деятельности Общества в области устойчивого развития, в том числе в части создания эффективной и прозрачной системы взаимодействия с заинтересованными сторонами;<br>2) закрепить роли, компетенции, ответственность каждого органа и всех работников Общества за реализацию принципов устойчивого развития;<br>3) определить взаимосвязь устойчивого развития и ключевых процессов Общества.<br>4. Положения настоящей Политики должны соблюдаться всеми работниками Общества в части, затрагивающей взаимодействие с заинтересованными сторонами, при планировании и осуществлении своей деятельности, разработке внутренних нормативных документов, распространении информации и других видов коммуникации.<br>5. Общество обеспечивает разработку внутреннего нормативного документа в области устойчивого развития, с последующим вынесением на утверждение |

| | |
|---|---|
| қолданылуын бақылауды жүзеге асырады. | Советом директоров Общества, а также осуществляет контроль за его применением. |
| **2. Терминдер мен анықтамалар** | **2. Термины и определения** |
| 6. Осы құжатта мынадай негізгі терминдер мен анықтамалар қолданылады:<br><br>**1) БҰҰ-ның жаһандық шарты** – іскерлік қоғамдастықтың қызметіне адам құқықтары, еңбек қатынастары, қоршаған ортаны қорғау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы он негізгі қағидатты енгізуге бағытталған тұрақты даму саласындағы ірі халықаралық бастама;<br><br>**2) Мүдделі тарап (стейкхолдер)** - Қоғамға және оның қызметіне ықпал ететін және/немесе Қоғамның ықпалында болатын жеке және заңды тұлғалар немесе тұлғалар тобы (мысалы, жұмысшылар, клиенттер, контрагенттер және т. б.);<br><br>**3) Бәсекелестер** - мүдделері мен мақсаттары қызмет саласында Қоғамның мүдделері және мақсаттарымен бірдей қызмет саласы бар жеке немесе заңды тұлғалар;<br><br>**4) Контрагенттер** – шарт бойынша белгілі бір міндеттемелерді өзіне қабылдаған жеке және заңды тұлғалар (мысалы: өнім берушілер, серіктестер, мердігер ұйымдар);<br><br>**5) Атқарушы орган** - Қоғамның Басқарма мүшелері;<br>**6) Басқару органы** - Қоғамның Директорлар кеңесі;<br>**7) Тұрақты даму** - Қоғам өз қызметінің қоршаған ортаға, экономикаға, қоғамға ықпалын басқаратын және мүдделі тараптардың мүдделерін сақтауды ескере отырып, шешімдер қабылдауы. Тұрақты даму болашақ ұрпақтың қажеттіліктерін қанағаттандыру мүмкіндігінен айырмай, қазіргі ұрпақтың қажеттіліктерін қанағаттандыруы керек. | 6. В настоящем документе используются следующие основные термины и определения:<br>**1) Глобальный договор ООН** – крупнейшая международная инициатива в области устойчивого развития, целью которой является внедрение в деятельность делового сообщества десяти основных принципов в области прав человека, трудовых отношений, охраны окружающей среды и противодействия коррупции;<br>**2) Заинтересованная сторона (стейкхолдер)** - физические и юридические лица или группы лиц, которые влияют на Общество и его деятельность и/или испытывают на себе влияние со стороны Общества (например, работники, клиенты, контрагенты и т. д);<br>**3) Конкуренты** - физические или юридические лица, область деятельности, интересы и цели которых идентичны в области деятельности, интересам и целям Общества;<br>**4) Контрагенты** – физические и юридические лица, принявшие на себя те или иные обязательства по договору (например, поставщики, партнеры, подрядные организации);<br>**5) Исполнительный орган** - члены Правления Общества;<br>**6) Орган управления** - Совет директоров Общества;<br>**7) Устойчивое развитие** - развитие, при котором Общество управляет влиянием своей деятельности на окружающую среду, экономику, общество и принимает решения с учетом соблюдения интересов заинтересованных сторон. Устойчивое развитие должно отвечать потребностям нынешнего поколения, не лишая будущие поколения возможности удовлетворять свои потребности. |

| 3. Қоғамның тұрақты даму саласындағы мақсаттары мен міндеттері | 3. Цели и задачи Общества в области устойчивого развития |
|---|---|
| 7. Қоғамның тұрақты дамуы - Қоғам өз қызметін жүзеге асыру кезінде басшылыққа алатын принциптер мен міндеттемелердің жиынтығы, атап айтқанда:<br>1) мүдделі тараптармен қарым-қатынастарды басқару;<br>2) экономикаға, әлеуметтік салаға және экологияға әсерін бағалау және басқару.<br>8. Қоғам ұзақ мерзімді кезеңде тұрақты дамуы үшін өзінің экономикалық, экологиялық және әлеуметтік мақсаттарының дәйектілігін қамтамасыз етеді.<br>9. Қоғамның тұрақты дамуының экономикалық құрамдас бөлігі келесі мақсаттардан тұрады:<br>1) Қоғам қызметінің залалсыздығы;<br>2) Жалғыз акционердің мүдделерін қамтамасыз ету;<br>3) Қоғамның коммерциялық кірістерін арттыру.<br>10. Қоғамның тұрақты дамуының экологиялық құрамдас бөлігі келесі мақсаттардан тұрады:<br>1) шектеулі ресурстарды оңтайлы пайдалану;<br>2) экологиялық, энергия және материал үнемдеу технологияларын қолдану.<br>11. Қоғамның тұрақты дамуының әлеуметтік құрамдас бөлігі келесі мақсаттардан тұрады:<br>1) жұмысқа қабылдау кезінде тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету;<br>2) әділ сыйақы және қызметкерлердің құқықтарын сақтау;<br>3) еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету және қызметкерлердің денсаулығын сақтау;<br>4) қызметкерлерді оқыту және кәсіби дамыту;<br>5) ішкі және сыртқы әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру. | 7. Устойчивое развитие Общества - это совокупность принципов и обязательств, которыми руководствуются Общество при осуществлении своей деятельности, в части:<br>1) управления взаимоотношениями с заинтересованными сторонами;<br>2) оценки и управления воздействием на экономику, социальную сферу и экологию.<br>8. Общество обеспечивает согласованность своих экономических, экологических и социальных целей для устойчивого развития в долгосрочном периоде.<br>9. Экономическая составляющая устойчивого развития Общества содержит следующие цели:<br>1) безубыточность деятельности Общества;<br>2) обеспечение интересов Единственного акционера;<br>3) повышение коммерческих доходов Общества.<br>10. Экологическая составляющая устойчивого развития Общества содержит следующие цели:<br>1) оптимальное использование ограниченных ресурсов;<br>2) применение экологичных, энерго - и материалосберегающих технологий.<br>11. Социальная составляющая устойчивого развития Общества содержит следующие цели:<br>1) обеспечение равных возможностей при приеме на работу;<br>2) справедливое вознаграждение и соблюдение прав работников;<br>3) обеспечение безопасности труда и сохранение здоровья работников;<br>4) обучение и профессиональное развитие работников;<br>5) реализация внутренних и внешних социальных программ. |
| **4. Тұрақты даму принциптері** | **4. Принципы устойчивого развития** |
| 12. Қоғам өз қызметі шеңберінде Қоғамның | 12. Общество в рамках своей деятельности |

| | |
|---|---|
| корпоративтік басқару кодексінде бекітілген тұрақты дамудың: ашықтық, есептілік, айқындық, әдептілік мінез-құлық, мүдделі тараптардың мүдделерін сақтау, заңдылық, адам құқықтарын сақтау, сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік, мүдделер қақтығысына жол бермеу қағидаттарын басшылыққа алады.<br><br>13. Қоғам сонымен қатар өз қызметінде БҰҰ-ның жаһандық келісім қағидаттарын ұстанатындығын мәлімдейді:<br>1) адам құқықтарын қорғау саласында:<br>- Қоғам халықаралық деңгейде жарияланған адам құқықтарын қорғауды қамтамасыз етеді және құрметтейді;<br>- Қоғам адам құқықтарының бұзылуына қатысы жоқтығын қамтамасыз етеді.<br>2) еңбек қатынастары саласында:<br>- Қоғам ұжымдық шарттар жасасу құқығын қолдайды және мойындайды;<br>- Қоғам мәжбүрлі және балалар еңбегін пайдалануға, еңбек және жұмыспен қамту саласындағы кемсітушілікке қарсы.<br>3) қоршаған ортаны қорғау саласында:<br>- Қоғам сақтық принципіне негізделген экологиялық мәселелерге көзқарасты қолдайды;<br>- Қоғам экологиялық қауіпсіз технологиялардың дамуы мен таралуын құптайды.<br>4) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласында:<br>- Қоғам сыбайлас жемқорлықтың барлық түрлеріне және басқа да заңсыз әрекеттерге, соның ішінде бопсалау мен парақорлыққа төзбеушілік туралы мәлімдейді. | руководствуется следующими принципами устойчивого развития, закрепленными в Кодексе корпоративного управления Общества: открытость, подотчетность, прозрачность, этичное поведение, соблюдение интересов заинтересованных сторон, законность, соблюдение прав человека, нетерпимость к коррупции, недопустимость конфликта интересов.<br>13. Общество также заявляет о приверженности в своей деятельности принципам Глобального договора ООН:<br>1) в области защиты прав человека:<br>- Общество обеспечивает и уважает защиту прав человека, провозглашенных на международном уровне;<br>- Общество обеспечивает непричастность к нарушениям прав человека.<br>2) в области трудовых отношений:<br>- Общество поддерживает и признает право на заключение коллективных договоров;<br>- Общество выступает против использования принудительного и детского труда, дискриминации в сфере труда и занятости.<br>3) в области охраны окружающей среды:<br>- Общество поддерживает подход к экологическим вопросам, основанный на принципе предосторожности;<br>- Общество приветствует развитие и распространение экологически безопасных технологий.<br>4) в области борьбы с коррупцией:<br>- Общество заявляет о нетерпимости ко всем формам коррупции и другим противоправным действиям, включая вымогательство и взяточничество. |
| **5. Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл** | **5. Взаимодействие с заинтересованными сторонами** |
| 14. Қоғамда тұрақты даму саласындағы табысты және тиімді саясатты жүргізу үшін мүдделі тараптармен өзара іс қимылға тиісті түрде көңіл бөлінеді.<br><br>15. Мүдделі тараптардың тізбесін, олардың ықпал ету дәрежесін және Қоғам мүдделеріне | 14. Для проведения успешной и эффективной политики в области устойчивого развития в Обществе должное внимание уделяется взаимодействию с заинтересованными сторонами.<br>15. С целью определения перечня заинтересованных сторон, степени их |

| | |
|---|---|
| ықпал ету салаларын айқындау мақсатында Қоғамның мүдделі тараптарының картасы әзірленді. | влияния и сфер влияния на интересы Общества разработана Карта заинтересованных сторон Общества. |
| 16. Қоғам ықпал ету саласына байланысты мүдделі тараптардың үш тобын анықтайды: | 16. Общество определяет три группы заинтересованных сторон в зависимости от области воздействия: |
| 1) өкілеттік/жауапкершілік саласы (Жалғыз акционер, басқару органы, атқарушы орган, персонал); | 1) область полномочий/ответственности (Единственный акционер, орган управления, исполнительный орган, персонал); |
| 2) тікелей ықпал ету саласы (мемлекеттік органдар, өнім берушілер, серіктестер, клиенттер, пайдаланушылар, аудиторлар); | 2) область прямого воздействия (государственные органы, поставщики, партнеры, клиенты, пользователи, аудиторы); |
| 3) жанама әсер ету саласы (халық, қоғамдық ұйымдар және бәсекелестер). | 3) область косвенного воздействия (население, общественные организации и конкуренты). |
| 17. Мүдделі тараптармен өзара іс-қимылдың негізгі нысандары: бірлескен бағдарламалар мен жобалар, келісімшарттар, ынтымақтастық туралы меморандумдар, қызмет туралы есептілік, кездесулер, кеңестер, жарияланымдар, сұхбаттар және т. б. | 17. Основным формами взаимодействия с заинтересованными сторонами являются: совместные программы и проекты, договоры, меморандумы о сотрудничестве, отчетность о деятельности, встречи, совещания, публикации, интервью и др. |
| 18. Мүдделі тараптармен өзара іс-қимылдың негізгі бағыттары: стратегиялық жоспарлау, қаржылық қызмет, жобаларды басқару, тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді жеткізу, заң шығару, операциялық қызмет. | 18. Основные области взаимодействия с заинтересованными сторонами: стратегическое планирование, финансовая деятельность, управление проектами, поставка товаров, работ и услуг, законотворчество, операционная деятельность. |
| 19. Қоғамның мүдделі тараптармен өзара іс-қимылын ұйымдастыру процесі Қоғамның қызметін басқару процесінің барлық кезеңдерінде мүдделі тараптардың мүдделерін ескеруді және мүдделі тараптарды маңызды тақырыптар мен маңызды мәселелерді, ықтимал тәуекелдер мен жауапкершілік шекараларын талқылауға тартуды көздейтін ынталандыру принципіне негізделген. | 19. Процесс организации взаимодействия Общества с заинтересованными сторонами основан на принципе вовлеченности, подразумевающем учет интересов заинтересованных сторон на всех стадиях процесса управления деятельностью Общества и вовлечение заинтересованных сторон в обсуждение значимых тем и важных вопросов, потенциальных рисков и границ ответственности. |
| 20. Өз кезегінде қатысуға келесі үш қағида сақталған кезде қол жеткізіледі: | 20. В свою очередь вовлеченность достигается при соблюдении следующих трех принципов: |
| 1) *маңыздылығы.* Қоғам өзінің мүдделі тараптарын нақты анықтайды және мүдделі тараптардың қандай мүдделері маңызды екенін түсінеді; | 1) *существенность.* Общество четко определяет свои заинтересованные стороны и осознает, какие интересы заинтересованных сторон являются существенными; |

| | |
|---|---|
| 2) *толықтығы.*<br>Өз қызметі барысында Қоғам мүдделі тараптардың алаңдаушылығына назар аударады, атап айтқанда олардың көзқарастарын, қажеттіліктері мен күтілетін қызмет нәтижелерін, сондай-ақ маңызды мәселелер бойынша пікірлерді түсінеді;<br>3) *ден қою.*<br>Қоғам мүдделі тараптардың барлық маңызды сұрақтарына дәйекті түрде жауап береді. | 2) *полнота.*<br>В процессе своей деятельности Общество обращает внимание на опасения заинтересованных сторон, а именно понимает их взгляды, потребности и ожидаемые результаты деятельности, а также мнения по значимым вопросам;<br>3) *реагирование.*<br>Общество последовательно реагирует на все существенные вопросы заинтересованных сторон. |
| 21. Мүдделі тараптармен қарым-қатынастарын басқаруды ұйымдастыру мақсатында Қоғам өз қызметін мынадай базалық қағидаттарға бағыттайды:<br><br>1) барлық мүдделі тараптардың мүдделерін құрметтейді және ескереді;<br>2) нысаналы аудиторияларды өз қызметі туралы белсенді хабардар етуге ұмтылады;<br>3) мемлекеттік бағдарламаларды, жекелеген ішкі рәсімдерді (сатып алу, жұмысқа қабылдау бойынша сыртқы кандидаттар арасында іріктеу) іске асыру, сондай-ақ қаражатты пайдалану бөлігінде объективтілікті, шынайылықты, тәуелсіздікті және ақпараттық ашықтықтың жоғары деңгейін қамтамасыз етеді;<br>4) барлық мүдделі тараптармен ашық және нәтижелі ынтымақтастықты қамтамасыз етеді;<br>5) мүдделі тараптар алдында өзіне алған міндеттемелерін орындайды;<br>6) мүдделі тараптардан кері байланыс алады. | 21. С целью организации управления взаимоотношениями с заинтересованными сторонами, Общество фокусирует свою деятельность на следующих базовых принципах:<br>1) уважает и учитывает интересы всех заинтересованных сторон;<br>2) стремится к активному информированию целевых аудиторий о своей деятельности;<br>3) обеспечивает объективность, достоверность, независимость и высокий уровень информационной прозрачности в части реализации государственных программ, отдельных внутренних процедур (закупки, отбор среди внешних кандидатов по приему на работу), а также использовании финансовых средств;<br>4) обеспечивает открытое и продуктивное сотрудничество со всеми заинтересованными сторонами;<br>5) выполняет взятые на себя обязательства перед заинтересованными сторонами;<br>6) получает обратную связь от заинтересованных сторон. |
| 22. Мүдделі тараптарға әсер етуді басқару тәсілдерін ресімдеу кезінде Қоғам төменде айқындалған талаптарды сақтау қажеттілігіне негізделеді. | 22. При формализации подходов по управлению воздействием на заинтересованные стороны Общество исходит из необходимости соблюдения требований, определенных ниже. |
| 23. Жалғыз акционермен және мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасау кезінде:<br>1) негізгі шешімдерді тиімді қабылдауға бағытталған корпоративтік басқару қағидаттары шеңберінде Жалғыз акционердің құқықтарын іске асыруды қамтамасыз етеді;<br>2) Қазақстан Республикасының қолданыстағы | 23. При взаимодействии с Единственным акционером и государственными органами:<br>1) обеспечивает реализацию прав Единственного акционера в рамках принципов корпоративного управления, направленных на эффективное принятие ключевых решений; |

| | |
|---|---|
| заңнамасының, Жарғының, Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкес қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері туралы анық ақпарат береді; | 2) предоставляет достоверную информацию о результатах финансово-хозяйственной деятельности в соответствии с требованиями действующего законодательства Республики Казахстан, Устава, внутренних нормативных документов Общества; |
| 3) қызметтің жоспарлары, жетістіктері, проблемалары туралы, сондай-ақ Қоғамның қызметі туралы басқа ұйымдардың зерттеулері туралы қосымша мәліметтер береді. | 3) предоставляет дополнительные сведения о планах, достижениях, проблемах деятельности, а также исследования других организаций о деятельности Общества. |
| 24. Серіктестермен және өнім берушілермен өзара әрекеттесу кезінде: | 24. При взаимодействии с партнерами и поставщиками: |
| 1) ашықтық, адалдық, өзара тиімділік мүдделерін сақтау, қабылданған міндеттемелер үшін толық жауапкершілікті түсіну қағидаттарын басшылыққа алады; | 1) руководствуется принципами открытости, честности, соблюдения интересов взаимной выгоды, понимания полной ответственности за принятые обязательства; |
| 2) шарттық қатынастардың барлық талаптарын сақтайды; | 2) соблюдает все условия договорных отношений; |
| 3) Қоғамның Іскерлік әдеп кодексіне, Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес өзара қарым-қатынастарда құрмет пен адалдықты көрсетеді; | 3) проявляет уважение и добросовестность во взаимоотношениях в соответствии с Кодексом деловой этики, Кодексом корпоративного управления Общество; |
| 4) жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормалардың сақталуын қамтамасыз етеді. | 4) обеспечивает соблюдение общепринятых морально-этических норм. |
| 25. Клиенттермен және тұтынушылармен өзара әрекеттесу кезінде: | 25. При взаимодействии с клиентами и потребителями: |
| 1) Қоғамның қызметтері тұтынушылар үшін қолжетімді болады; | 1) услуги Общества являются доступными для потребителей; |
| 2) Қоғам тұтынушылық деректер қауіпсіздігін қамтамасыз етеді; | 2) Общество обеспечивает безопасность потребительских данных; |
| 3) Қоғам тұтынушылардың барлық топтарына кемсітусіз бірдей сапалы және бірдей қызмет көрсету деңгейін ұсынады; | 3) Общество предоставляет услуги одинакового качества и одинаковый уровень обслуживания без дискриминации всем группам потребителей; |
| 4) Қоғам тұтынушылардан, клиенттерден кері байланыс алу арқылы көрсетілетін қызметтердің сапасын жақсартады, бұл пайдаланушылардың/клиенттердің қанағаттану деңгейінің жақсаруына әкеледі; | 4) Общество повышает качества предоставляемых услуг путем получения обратной связи от потребителей, клиентов, что приводит к улучшению уровня удовлетворенности пользователей/клиентов; |
| 5) Қоғам клиенттерге жұмыстың жаңа құралдары мен қағидаттары туралы ақпаратты жеткізеді. | 5) Общество доводит до клиентов информацию о новых инструментах и принципах работы. |
| 26. Қызметкерлермен өзара әрекеттесу кезінде: | 26. При взаимодействии с работниками: |
| 1) Қоғам ашық, айқын, сондай-ақ білікті персоналды қалыптастыруға бағытталған | 1) Общество обеспечивает открытую, прозрачную, нацеленную на формирование |

| | |
|---|---|
| кадр саясатын қамтамасыз етеді;<br><br>2) Қоғам барлық қызметкерлерге еңбек қызметі процесінде олардың әлеуетін іске асыру үшін тең мүмкіндіктер береді;<br><br>3) Қоғамдағы қызметкерлерді іріктеу және мансаптық өсуі тек кәсіби қабілеттер, білім мен дағдылар негізінде жүзеге асырылады;<br><br>4) қызметкерлердің тиімді коммуникациясы мен өзара іс-қимылы қызметкерлерді тұрақты хабардар етудің ішкі корпоративтік көздерін және коммуникация арналарын ұйымдастыру, оның ішінде ішкі порталдың (интранет) жұмысы арқылы, қызметкерлердің пікірлері мен ұсыныстарын ұдайы зерделеу арқылы қамтамасыз етіледі.<br>27. Қоғамдық ұйымдармен және өзге де заңды тұлғалармен өзара іс-қимыл жасау:<br><br>1) Қоғам жұртшылықпен тиімді және жедел өзара іс-қимыл жасайды;<br>2) Қоғам әлеуметтік маңызы бар жобаларды іске асыруға белсенді қатысады;<br>3) Қоғамға жіберілетін сауалдарға жауаптар уақтылы және толық көлемде беріледі;<br>4) өз қызметі туралы жалпы ақпаратты Қоғамның корпоративтік сайтында ашық қолжетімділікте орналастырады. | квалифицированного персонала, кадровую политику;<br>2) Общество обеспечивает всем работникам равные возможности для реализации их потенциала в процессе трудовой деятельности;<br>3) подбор и карьерный рост работников в Обществе осуществляется исключительно на основе профессиональных способностей, знаний и навыков;<br>4) эффективная коммуникация и взаимодействие работников обеспечивается путем организации внутренних корпоративных источников регулярного информирования работников и каналов коммуникации, в том числе через работу внутреннего портала (интранет), изучения мнений и предложений работников.<br>27. Взаимодействие с общественными организациями и иными юридическими лицами:<br>1) Общество эффективно и оперативно взаимодействует с общественностью;<br>2) Общество активно участвует в реализации социально-значимых проектов;<br>3) ответы на запросы, направляемые в Общество, предоставляются своевременно и в полном объеме;<br>4) размещает общую информацию о своей деятельности в открытом доступе на корпоративном сайте Общества |
| **2-тарау. Қоғамның тұрақты даму саласындағы қызметінің бағыттары** | **Глава 2. Направления деятельности Общества в области устойчивого развития** |
| **1. Тұрақты дамудың экономикалық, экологиялық және әлеуметтік құрамдас бөліктері** | **1. Экономическая, экологическая и социальная составляющие устойчивого развития** |
| 28. Қоғамның миссиясы - отандық және шетелдік аудиторияға Қазақстандағы оқиғалар туралы шынайы, объективті жаңалықтарды жедел әрі көпжоспарлы түрде ұсыну.<br>29. Қоғам өз миссиясын жүзеге асыру шеңберінде шешетін негізгі міндеттер:<br><br>1) Қоғамның интернет-порталдары арқылы қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде | 28. Миссией Общества является оперативное и многоплановое предоставление отечественной и зарубежной аудиториям достоверных и объективных новостей о событиях в Казахстане.<br>29. Ключевые задачи, которые решает Общество в рамках реализации своей миссии, являются:<br>1) оперативное и бесперебойное (в режиме 24/7) распространение достоверной |

| | |
|---|---|
